



Макроэкономикалық көрсеткіш – жалпы экономика бойынша өндіру мен тұтыну көлемі, кірістер мен шығыстар, тұрмыс деңгейі, экономика құрамы, экспорт пен импорт, экономикалық өсу қарқыны, т.б. көрсеткіштер.

# Жалпы Ішкі Өнім



Жалпы Ішкі Өнім, ЖІӨ (ағылш. *Gross Domestic Product*) – мемлекет территориясындағы барлық өндірушілердің белгілі бір кезең ішінде өндірген түпкі тауарлары мен көрсеткен қызметтерінің нарықтық құнын білдіретін жиынтық көрсеткіш. Бұл атауды ең алғаш Саймон Кузнец ұсынды.



# Таза ұлттық өнім

Таза ұлттық өнім – өндірілген өнімнің өнім шығару барысында тозған өндіріс құрал-жабдығын ауыстыру (амортизация) үшін қажет бөлігін шегеріп тастағандағы жалпы ұлттық өнім.

Таза ұлттық өнім жалпы ұлттық өнім сияқты жер, капитал, жұмыс күші, басқарушылық машық-дағды сияқты ресурстардың көмегімен жасалады. Ресурстардың ұлттық өнімді жасауға қосылған ағымдағы үлесі пайдаға салынатын жанама салықты шегергендегі Таза ұлттық өнімді көрсетеді. Пайдаға салынатын жанама салықтарды қоспағанда қоғамның ұлттық табысын құрайды.

Демек, жалпы ұлттық өнім – брутто болса, таза ұлттық өнім – нетто. Жалпы ұлттық өнім капиталдың тозымпұлын шегеріп тастағандағы жалпы ұлттық табысқа тең, ал таза ұлттық өнім таза ұлттық табысқа тең. Таза ұлттық өнім – өнім көлемінің неғұрлым жетілдірілген көрсеткіші, өндірістің осы жылғы таза

Ұлттық табыс - таза ұлттық өнімді жасаудың ресурстарды жұмсау тұрғысынан қаншаға түсетінін көрсетеді, өнімнің ағымдағы көлемінің оны жасауға пайдаланылған экономикалық ресурстардың нарықтық бағасын айқындайды.

